

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 310 (2016), 284 – 289

G.Chukenayeva

PhD student of Zhetysu State University named after Ilyas Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan
e-mail: Chukenaeva@mail.ru

**POLYLINGUAL EDUCATION AND ECOLOGY
OF KAZAKH LANGUAGE**

Abstract. The article examines the impact of polylingual education on the ecology of Kazakh language. Analyzed the state of language environment of students through the prism of language ecology, set causes of its pollution. Defined the problems of preservation of the native language in the conditions of polylinguism. Studied the factors shaping the language person pupil. Installed modern challenges facing the ecology of the Kazakh language.

Keywords. Polylingual education, Ecology of Language, Language personality, Safe linguistic environment, second Language, polylingual personality.

ӘОЖ 81'271; 82.085; 808.5

Г.Чукенаева

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің докторанты, Талдықорған қ., Қазақстан

**КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЭКОЛОГИЯСЫ**

Аннотация. Мақалада көптілді білім берудің қазақ тілінің экологиясына ықпалы қарастырылған. Оқушылардың тілдік ортасының жағдайы лингвоэкологиялық аспект тұрғысынан талданған, ластану себептері анықталған. Көптілділік жағдайында ана тілін сақтау мәселесі сараланған. Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырушы факторлар зерделенген. Қазіргі таңда қазақ тілі экологиясының алдында тұрған міндеттер айқындалған.

Тірек сөздер. Көптілді білім беру, тіл экологиясы, тілдік тұлға, қауіпсіз лингвистикалық орта, екінші тіл, көптілді тұлға.

Соңғы уақытта әлемде орын алған өзгерістерге, болашақ маманға қойылар талаптар мен құзыреттіліктерге байланысты білім берудегі тіл саясатының маңызды бағыты көптілді білім беру болып отыр. Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үдерісі барысында үш не одан да көп тілде білім беру жүйесі. Бүгінгі білікті маман дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін сыйлайтын, басқаға өзін таныта алатын, рухани дүниесі бай, бірнеше тілді меңгерген болуы шарт.

«Үш тұғырлы тіл» мәдени бағдарламасынан бастау алған көптілді білім беру ісі бүгінде еліміздегі балабақша – мектеп – ЖОО жүйесіне енгізілуде. Көптілділік – заман талабы, өркениет шарты екені даусыз. Алайда Қазақстанда қалыптасқан тілдік жағдаятты ескерсек, көптілділікті лингвоэкологиялық тұрғыда қарастыру аса маңызды. Себебі қазіргідей алмағайып заманда тілді сақтау идеясы бұрынғыдан да күрделірек, бұрынғыдан да күрмеуі қиын мәселеге айналып отыр. «Біз қазір тек қазақ тілін қорғау жағдайында отырған жоқпыз, “Қазақ ұлтын қорғау керек” деген мәселені алдымызға қоятын заман болып тұр» [1].

Елімізде көптілді білім берудің халықаралық тәжірибеде қолданыс тапқан моделін енгізуде лингвоэкологиялық қағидалар басты назарда болуға тиіс. Біріншіден, қазіргі таңда әлемдегі барлық тіл лингвоэкологиялық ықпалға ұшырап отыр, оған дәлел лингвоэкология саласындағы зерттеулер.

Әр елдердегі лингвоэкологиялық жағдайлардың сипаты әр алуан болғанына қарамастан оларға ортақ мәселелер де бар, атап айтқанда ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы нәтижесінде ағылшын тіліне және әлем халықтарының тілдік кеңістігіне ағылшын тілінің экспансияна негізделген тілдік үдерістердің жаһандануы. Аталған жағдай әртүрлі жағымсыз үдерістерге деформация, деградация және тілдің жойылуына әкеп соқты. Бұл үдеріс әлі де жалғасуда.

Екіншіден, еліміздегі тілдік жағдаят. Ғалымдар тілдердің жойылу себебін негізгі үш топқа бөледі: физикалық, экономикалық және әлеуметтік-саяси себептер. Ал тілдің өмір сүруінің кепілі – сол тілде сөйлейтін ұрпақ болып табылады. Мемлекетте бірнеше тіл қатар қолданыс тапқанда азаматтардың прагматикалық көзқараспен әлемде кең қолданыс табатын тілді таңдап, ана тілінен бас тартатын жағдайлары да кездеседі, бұл тіл үшін аса қауіпті құбылыс. Қазақ тіліне қатысты мұндай қауіптің бар екенін тіл экологиясын, тілдің өміршеңдігін зерттеумен айналысып жүрген ғалымдар Н.Уәли, А.Фазылжанова, Э.Сулейменова, З.Ахметжанова жоққа шығармайды [2.449].

Қазір елімізде жастар арасында аралас (қазақ және орыс тілдерінің элементтері араласып, бір жүйеге біріктірілген) және субординативтік (орыс тілі басымдыққа ие) қостілділік белең алған. Оған қоса оқушылар мен студенттер ағылшын тілін игеруде ерекше белсенділік танытып, басым көпшілігі оқу бағдарламасына қосымша арнайы курстар, онлайн курстар арқылы үйренуде. Аталған үдерістер қазақ тілінің экологиясына қалай ықпал етеді? Бұл турасында Б.Хасанұлының «Негізі, ағылшындардан аса қауіп келе қоймас, себебі олар қасымызда емес. Қауіп – орыста, өйткені орыс тілді қазақтарды ана тілімізге қайтару әдісін әлі ешкім ойлап таба алмай отыр, қазақ тіліне қарсы жұмыс істейтіндерге де бөлек күрес керек ғой...» [3] деген пікірімен келісуге болады. Дегенмен, қауіптің алдын алу үшін қазақ тілін *ұлттық құндылық* ретінде, ал өзге екі тілді *әлемдік қауымдастыққа ықпалдастыру құралы* ретінде меңгертетін тиімді модель ұсынуға, білім беруде экологиялық тіл саясатын жүргізуге тиіспіз. Оқушының санасында ана тілінің психологиялық мәртебесі жоғары, ана тілінің қолданылу аясын кеңейту ұстанымы тұрақты болу үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Жалпы оқушылардың бірнеше тілді меңгеруі, оның бала интеллектісіне, психологиялық, әлеуметтік, этномәдени дамуына ықпалы жайлы сан қырлы зерттеулер жүргізіліп, көптілділікті жақтаушылар мен қарсы топтың пікірлері сараланған.

Білім берудің классикалық жүйесінде өзге тілдерді білу маңызды орынға шығарылып, құндылық ретінде қабылданды. Адамның бірнеше тілді меңгеруі, сол тілдерде әдебиеттермен танысуы оны оқыған, білімді адам қатарына жатқызуға негіз болды. Ал XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ғалымдар тілді игеруші санасында әр тілдің жүйесі өзара тәуелсіз (автономды түрде) қызмет етеді, сәйкесінше олар бір-біріне және ойлау жүйесіне кері әсер етеді деп пайымдады. Бұл көзқарасты лингвистер А.А.Потебня, Г.Шухарт, психологтар И.Эпштейн, А.Герлах, Ф.Смит, Д.Саер, В.Стюарт және т.б. ұстанды. Ал үшінші кезеңде ғалымдар (Е.Ленц, К.Питнер, А.В.Ярмоленко) бейтарап көзқарас ұстанды. Олардың пайымдауынша, тілдер біріне-бірі кері әсер тудырмайды, адамның ойлау жүйесіне ықпал етпейді. Төртінші кезеңде бірнеше тілді меңгерудің адамның ойлау жүйесіне жағымды ықпал ететіні дәлелденді. Бұл көзқарасты А.Д.Миллер, М.В.Сергиевский, Л.В.Щерба қолдады [4.30-34].

Көптілді білім беруге қатысты жүргізілген зерттеулердің өзегі екінші тілді енгізудің оңтайлы жасына қатысты. Бала дамуының психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ғалымдар тілді үйрету неғұрлым ерте жаста басталса, соғұрлым нәтижелі болмақ деп тұжырымдайды.

М.Михайлов «Тілдік жүйелердің автономдылығына, екі тілді де таза және акцентсіз меңгеруге т.б. екінші тілді ерте жастан оқытқанда ғана қол жеткіземіз» десе [5], М.Сигуан, У.Макки «Екінші тілді енгізудің оңтайлы жасына қатысты тартыстар абстрактілі мәселе болып табылады. Біз ең алдымен оны қандай жағдайда, қандай мүмкіндіктерді пайдаланып енгізетіндігімізді түсіндіруге тиіспіз. Екінші тіл неғұрлым ерте енгізілсе, соғұрлым тиімді деген тұжырымдар оны мектепте білім беруден, тіпті мектепке дейінгі кезеңде енгізу керек дегенді білдіреді» деп жазған [6.113]. Бала дамуының мұндай ерекшелігін М.Жұмабаев та «Естің аса күшті болатын кезі – 7 мен 15 жас арасы. Сыртқы дүниемен, адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқанда адам бір нәрсені білуге, бар білгенін есте сақтауға ұмтылады. Естің қатынасуын қатты керек қылатын ғылымдарды үйренуге нағыз қолайлы шақ – осы 7 мен 15 арасы» деп атап өткен [7.91]. Осылайша, ғылыми

тұжырымдар, әлемдік тәжірибе екінші тілді енгізуді ерте жастан бастаудың тиімділігін дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, елімізде көптілді білім беруде игерілетін тілдердің өзара қатынасы да тиімді, яғни тілдердің генеологиялық тұрғыда алшақ топтарға жатуы оны меңгеруде, өзара түсінуде қиындық тудырғанымен, олардың тәуелсіз дамуына қолайлы жағдай жасайды. Бірақ Қазақстанда қалыптасқан «ерекше» тілдік жағдаят көптілділікті енгізуде тілдік балансты сақтап, біздің қоғамның сұранысына сәйкес, қазақ тілінің өміршеңдігін қамтамасыз ететін, экологиялық қауіптің алдын алатын әдістемесін ұсынуды талап етеді. Өйткені балалық кезеңнен кейінгі уақытта екінші тілді игеру әрқашан бірінші тілдің (ана тілінің) құрылым жүйесіне негізделеді. Бұл құрылым жүйесі неғұрлым берік болса, білімгер оны соғұрлым жақсы түсініп, екінші тілді оған сүйеніп, жеңіл меңгермек. «Ана тілінің негізінде туындаған және оның басқа тілдермен үйлесімінде дамитын үштілділік әрқашан үдемелі құбылыс. Ана тілі болып табылмайтын, алайда басымдыққа ие кең таралған тіл негізінде туындаған үштілділік уақытша және кертартпа құбылыс, ол ақыр соңында «глоттофагияға» – бір тілдің екінші тілді жоюына, ана тілінен баз кешуге әкеп соқтырады» [8.356-357].

Білім беруде қолданылатын тілдер әртүрлі әлеуметтік қызмет атқарады, дәрежелері де әртүрлі, бірінің дәрежесі екіншісіне қарағанда жоғары болады. Білім беру жүйесі де барлық тілдерді ескергеніне қарамастан, «қуатты» тіл бойынша құзыреттілікті барынша дамытуға тырысады. Мұндай жағдайда білімгер «әлсіз» тілде сөйлей отырып, ол тілдің және оны тасымалдаушы халықтың әлеуметтік дәрежесінің төмендігін, екінші жағынан мектеп талаптарын орындау үшін, болашағы үшін «қуатты» тілді де меңгеру қажеттігін сезінеді.

Мұндай қиындықтарды санасында саралау нәтижесінде екі тілге де қайшылықты қатынас (ол тіл мәртебесінің ана тілінің мәртебесінен жоғары тұруын жақтырмау, екінші жағынан қоғам талабына сәйкес меңгеруге мүдделілік) қалыптасады. Бұл сенімсіздік және қайшылыққа толы сезімдер субъектінің тілді меңгеру қарқынын тежейді, нәтижесіне де ықпал етеді.

Бельгиялық ғалымдар Ж.Хаммерс және М.Бланк әлеуметтік-психологиялық және психолингвистикалық бағыттарды тоғыстыра отырып, қостілділік моделін ұсынған. Олар екінші тілді жетік меңгерудің алғышарттарын түсіндіріп, оның нәтижелі немесе нәтижесіз болуы ана тілін меңгеру дәрежесіне байланысты екенін дәлелдеген.

Бала мектепке ана тілін танымдық тұрғыда нашар қолданатын жағдайда келсе немесе өз ана тілін құрметтемейтін, оны танымдық мақсатта пайдаланбайтын, баласын ана тілін үйренуге ынталандырмайтын отбасынан, әлеуметтік топтан шыққан бала болса, мектепте екінші тілді оқыту барысында баланың тілдік дамуында екі тілге де теріс көзқарас қалыптастырады. Отбасындағы ынталандырусыз баланың ана тіліндегі лингвистикалық-когнитивтік құрылым жүйесі дұрыс дамымайды, мұндай тірексіз екінші тілді тиісті деңгейде меңгеру мүмкін емес. Ал мектепке келгенде бала тілі тек коммуникативтік тұрғыда ғана емес, когнитивтік тұрғыдан да дұрыс дамыған болса, ана тілін отбасында, мектепте бағалап, өзара қарым-қатынаста сол тілді қолданса, өзінің когнитивті қызметінде ана тілін қолданғаны үшін оны ынталандырылса жағдай керісінше болады, яғни екінші тілді меңгеруде жетістікке жетеді [6.124].

Көптілді білім алған тұлға «қазақ – орыс – ағылшын тілдері» кодын пайдаланғанда, ол өзінің ана тілін жақсы білетін, сондай-ақ орыс, ағылшын тілдерін білетінінен хабардар етер еді. Бұл – бір жағдай, екінші жағдай сол – ол қазақ, өзін-өзі бірден мына төрт нәрсеге сәйкестендірер еді (самоидентификация): 1) «ана тілін білетін адам»; 2) «қазақ, орыс тілін білетін адам»; 3) «қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген адам»; 4) «үштілді» және «білімді» адам» [9.27]. Ал «үштілді» және «білімді адам» деңгейіне ету үшін оқушы отбасында да, мектепте де «интеллектуалды міндеттерді шешуде өз ана тілін қолданып, оған құрмет көрсетіп, бағалауға тиіс» [6.124].

Көптілді білім беру жағдайында білім беру ошақтарында қазақ тілінің экологиясын сақтау шараларының басым бағыттарын айқындау үшін қалыптасқан жағдайды таразылау қажет. Мектеп оқушыларының санасында ана тілінің мәртебесі, беделі қандай? Бүгінгі мектеп оқушыларының тілдік ортасының «тазалығы» қандай? Мектеп оқушысының тілдік тұлғасының қалыптасуына қандай факторлар ықпал етуде? Көптілді білім беруде өзге екі тілді меңгерту ана тілінің тәжірибесіне сүйене ала ма? Осы сауалдарға жауап алу үшін мәселені талдауда, әуелі тіл экологиясының кейбір негізгі ұғымдарына түсінік берген жөн.

Педагогикалық лингвоэкология – педагогикалық үдеріс барысында өскелең ұрпаққа көпжасырлық тілдік тәжірибені жеткізуді, сонымен қатар жеке тұлғаның тілдік санасының, тілдік әрекетінің, тіл мәдениетінің тазалығын сақтауға жауапкершілігін, тіл мен тілдесімді бүлінуден және тілдік «сырқаттардан» қорғау сезімін тәрбиелеуді көздейтін лингвоэкология мен педагогикадағы жаңа ғылыми-тәжірибелік бағыт [10.15]. Басқаша айтқанда, педагогикалық лингвоэкология – педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеті барысында тілді, қоршаған ортадағы лингвистикалық құбылыстарды, олардың заңдылықтарын және ауытқыған құбылыстарды тану мақсатына бағытталған үдеріс.

Қауіпсіз лингвистикалық орта – бұл қарабайыр лексика, агрессивті биоэнергетика және тілдік әрекеттермен, тілдік «сырқаттармен» және басқа да минус-факторлармен ластанбаған, таза, тілдің табиғи дамуы мен қызмет етуі және тілдік тұлғаның қалыптасуы, үнемі жетілдіп отыруы үшін қолайлы лингвосфера [10.16].

Саламатты тіл ол тілде сөйлеушінің адамгершілік, ізгілік тұрғыда саламаттылығын көрсетеді. Қоғамдағы тұлғаның рухани дамуы да тілдік ортаның саламаттылығына тікелей байланысты.

Мектеп оқушылары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері, олардың жазба жұмыстары, әлеуметтік желілердегі жазбалары, сабақ үстінде, сыныптан тыс іс-шараларға қатысу барысында, қоғамдық орындарда тілдесімдерін бақылау қазіргі оқушылардың тілдік ортасын қауіпсіз деп атауға келмейтінін растады. Қауіпсіз лингвистикалық ортаның сақталуына оқушылар тілінің ластануы жол бермей отыр. Қазіргі таңда оқушылардың тілдік ортасында қазақ тілі экологиясының дағдарысын тудырып, тіл тынысын тарылтып отырған жайттар:

➤ *ауызша сөйлеуде*: орфоэпиялық норманың бұзылуы; оқушы тіліндегі қарабайыр сөздер; жаргондармен ластануы; паразит-сөздердің көбеюі; сөздік қорының жұтандануы; тілдің көріктеу құралдарының қолданылмауы; сөз мағынасының бұрмалануы; тіл мәдениеті деңгейінің төмендігі; өзгелердің пікірін тыңдамау; коммуникацияның экологиялық емес бағытқа бет түзеуі (сөзбен қорлау, тіл тигізу, агрессивті тілдік әрекет); технизация (филологиялық, гуманитарлық білімді жоққа шығару) және тілдік нигилизм; қазақ тілінде баламасы бола тұра шеттілдік сөзді пайдалану; эпистолярлық мәдениеттің төмендеуі; сұхбаттасушыға құрмет көрсетпеу; құнтсыздықтан жіберілген қателер; өзінің үстемдігін асыру мақсатында адресаттың сезімімен, мүддесімен санаспай, мақсатты түрде сұхбаттасушыға сөзбен қысым көрсету; шыдамсыздық, сөзді соңына дейін тыңдамау, диалогқа уәжсіз араласу, сөзін бөлу; диффамация, бейәдеп сөздер; сұхбаттасушының ар-намысына тию.

➤ *жазбаша сөйлеуде*: қазақ тіл мәдениетін меңгеруге қызығушылық танытпау; әдеби тіл нормаларын ескермеу; орфографиялық, стилистикалық қателіктер жіберу. Интернет желісінде орын алып отырған олқылықтар өз алдына. Өкінішке орай, «сөйлегенде сөздің жүйесін, қысынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» (А.Байтұрсынұлы) екендігін естен шығарып отырмыз.

Бұл жағдайлар оқушылардың ұлттық бірегейліктің басты белгісі, ұлы құндылық тіліміздің өміршеңдігі өз қолында екенін сезінбеуінен туындаса керек. «Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» [7.114]. Мұндай жағдайлар адамның рухани-адамгершілік және физиологиялық саулығы үшін де зиян. Ол тіл экологиясының эмотивті лингвоэкология деп аталатын бағытының зерттеу нысаны.

Мектеп оқушысының тіл тазалығы, ана тіліне қатысты ұстанымының қалыптасуы тілдік орта, мектепшілік ақпараттық-лингвистикалық орта және сыртқы ақпараттық-лингвистикалық ортаға тікелей байланысты.

Тілдік орта тұлғаны, оның тіл мәдениетін қалыптастырады. Күнделікті ортада бұрмаланған мәтінді көру (оқу), жазу тұлғаның тіл мәдениетін, құзыреттілігінің деңгейін төмендетіп, агрессивті, деструктивті бастаулардың дамуына, тұлғаның өзгеруіне әкеп соғады.

Білім беру үдерісінің қатысушысы ретінде тілдік тұлғаның қалыптасуына мектепшілік ақпараттық-лингвистикалық орта (оқу кабинеттері мен дәліздердегі пәндік және ақпараттық стендтер, қабырға газеті, хабарландырулар т.б.) тікелей әсер етеді. Сондықтан олар лингвоэкологиялық критерийлерге сай және балаларға беретін тәрбиелік мәні бар болуы тиіс.

Оқушы тілінің саламаттылығы сыртқы ақпараттық лингвистикалық ортаға да байланысты. Тұрғылықты жерінің әлеуметтік және ақпараттық-лингвистикалық ортасы (көшедегі адамдардың

тілдесімі, графикалық мәтіндер: жарнама, хабарландыру, дүкен атаулары, маңдайша жазулары), БАҚ, отандық және шетелдік телебағдарлама, кино, радио, интернет т.б. ана тілінің құндылықтық мәнін түсіндіруге, оның болашағы үшін өзінің де жауапты екенін сезінетін тұлға тәрбиелеуде маңызды орынға ие. Сонымен қатар, оқушының лингвоэкологиялық тәрбиесінің қалыптасуына тұрғылықты аймағының этномәдени ортасы, ұлттық-мәдени дәстүрге негізделген отбасы тәрбиесі, отбасында күнделікті тұрмыста алынып, кейін мектепте оқыту мен тәрбие беруде бекітілетін этномәдени ақпараттың да маңызы зор.

Жоғарыда аталғандарды ескерсек, көптілді білім беру жағдайында қазақ тілінің экологиясына артылар жүк ауыр, ол төмендегідей өзекті мәселелерді шешуге тиіс:

- білім беруде педагогикалық лингвоэкология бағытын дамыту;
- оқушылар бойында қазақ тілі бойынша лингвоэкологиялық құзыреттілік қалыптастыру;
- қазақ тіліне қатысты лингвоэкологиялық тәрбие беру. Себебі «ана тілін мақтаныш тұтатын табиғи сезімнің болмауы – тілдік тұлғаның ұлттық санасындағы кемшілік. Қазақ тілінің лингвоэкологиясы тілдік тұлғаның санасында ана тіліне деген табиғи сүйіспеншілік сезімін ояту үшін де күреседі» [11.5].

- еліміздің әр аймағындағы қазақ тілінің қолданылу аясын ескере отырып, сол аймақтарда көптілді білім беру әдістемесіне ұсыныстар енгізу;

- көптілді тұлға деп тану үшін әр тілден игеруге тиіс құзыреттілікті, яғни ана тілі бойынша құзыреттілігін бағалаудың әдістемесін, критерийлерін жасау. Сонымен қатар, Д.Әлкебаеваның осыдан 9 жыл бұрын жасаған ұсынысының маңызы бүгінде арта түсті, оны да ескерген жөн: «Лингвистикалық экология – мемлекеттік тапсырыспен жеке пән ретіне оқытылуы керек. ...тіл жанды құбылыс болғандықтан, оның өмір сүруіне кедергі келтіретін әрекеттер барлық ұлт тіліне де төнетін қауіп екені шындық. Ал қазақ тілінің бүгінгі жағдайына келетін болсақ, лингвистикалық экологияның рухани мәдениеттің жойылып кетпеуіне тікелей ықпал ететін фактор екені аңғарылады. Сондықтан бізге бұл пәнді енгізу аса қажет [12.14].

ӘДЕБИЕТ

[1] *Ұрпағымыздың, ұлтымыздың тағдырын ойыншық етуге жол бермейміз! // Жас Алаш №85 (16167) 25 қазан, 2016. <http://www.zhasalash.kz/saraptama/18412.html>*

[2] Ахметжанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Алматы: «Издательство Елтаным», 2012. -564 с.

[3] Орыс және ағылшын тілдері қазақ тілінің ығында жүрсін... // «Жебе» ақпараттық порталы. 16.07.2013. <http://zhebe.com/index.php/o-am/bilim-zh-ne-ylym/item/635-orys-zhane-a-ylshyn-tilderi-kazak-tilini-y-ynda-zh-rsin.html>

[4] Алдабергенова Г. Исследование влияния билингвизма на развитие личности детей. Дисс. ...канд.филол.наук. – Алматы, 1999.

[5] Михайлов, М. М. Двуязычие (Принципы и проблемы). – Чебоксары: Чувашский государственный университет, 1969. – 136 с.

[6] Сигуан М., Макки У. Образование и двуязычие: Пер.с фр. – Москва: Педагогика, 1990. -184с. Пер.изд. ЮНЕСКО, 1986.

[7] Жұмабаев Мағжан. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Өңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер /Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. -376б.

[8] Хасанұлы Б. Язык народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихологические аспекты). – Алматы: Арда, 2007.

[9] Хасанов Б. «Тілдердің үштұғырлылығы» саясаты және оны іске асыру жолдары. // Мемлекеттік тіл саясаты және тіл мәдениетінің өзекті мәселелері: II халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Орал: «Ағартушы», 2008. -246б.

[10] Сущенко Е.А. Педагогическая лингвоэкология как фактор безопасности жизнедеятельности субъектов образовательного процесса : автореферат дисс. на соискание уч. степени док. пед. наук. – Санкт-Петербург, 2013. -62 с.

[11] Уәли Н. Тіл экологиясы. // «Ана тілі» газеті, 2009. №8.

[12] Әлкебаева Д. Лингвистикалық экология. // «Ана тілі» газеті, 2007. №9.

REFERENCES

[1] *Urpagymyzydyn, ultymyzydyn tagdyryn ojynshyk etuge zhol bermejimiz! // Zhas Alash №85 (16167) 25 qazan, 2016. <http://www.zhasalash.kz/saraptama/18412.html> (in Kaz)*

[2] *Ahmetzhanova Z. Jazyk v social'nom, kul'tunom i kommunikativnom kontekste. Almaty: «Izdatel'stvo Eltanym», 2012. -564 s. (in Russ)*

- [3] Orys zhane agylshyn tilderi qazaq tilinin ygynda zhu'rsin... // «Zhebe» aqparattyk portaly. 16.07.2013. <http://zhebe.com/index.php/o-am/bilim-zh-ne-vlym/item/635-orys-zhane-a-ylshyn-tilderi-kazak-tilini-y-ynda-zh-rsin.html> (in Kaz)
- [4] Aldabergenova G. Issledovanie vlijaniya bilingvizma na razvitie lichnosti detej. Diss. ...kand.filol.nauk. Almaty, 1999. (in Russ)
- [5] Mihajlov, M. M. Dvujazychie (Principy i problemy). Cheboksary: Chuvashskij gosudarstvennyj universitet, 1969. 136 s. (in Russ)
- [6] Siguan M., Makki U. Obrazovanie i dvujazychie: Per.s fr. Moskva: Pedagogika, 1990. 184s. Per.izd. JuNESKO, 1986. (in Russ)
- [7] Zhumabaev Magzhan. Shygarmalary (adebi basylym). 2-tom: Angime, gylymi enbek, maqalalar, audarmalar, zharijalanbagan olender /Qurast. Sandibek Zhubanijazov. Almaty: Zhazushy, 2013. 376b. (in Kaz)
- [8] Hasanuly B. Jazyki narodov Kazahstana: ot molchanija k strategii razvitija (sociopsihologicheskie aspekty). Almaty: Arda, 2007. (in Russ)
- [9] Hasanov B. «Tilderdin u'shtugyrylygy» sajasaty zhane ony iske asyru zholdary. // Memlekettik til sajasaty zhane til madenietinin ozekti maseleleri: II halyqaralyq gylymi-praktikalыq konferencija materialdary. Oral: «Agartushy», 2008. 246b. (in Kaz)
- [10] Sushhenko E.A. Pedagogicheskaja lingvojekologija kak faktor bezopasnosti zhiznedejatel'nosti sub#ektov obrazovatel'nogo processa : avtoreferat diss. na soiskanie uch. stepeni dok. ped. nauk. Sankt-Peterburg, 2013. -62 s. (in Russ)
- [11] Uali N. Til jekologijasy // «Ana tili» gazetі, 2009. №8. (in Kaz)
- [12] Alkebaeva D. Lingvistikalыq jekologija // «Ana tili» gazetі, 2007. №9. (in Kaz)

Г.Чукенаева

Докторант Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова

ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ЭКОЛОГИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Ключевые слова. Полиязычное образование, экология языка, языковая личность, безопасная лингвистическая среда, второй язык, полиязычная личность.

Аннотация. В статье рассматривается влияние полиязычного образования на экологию казахского языка. Анализирован состояние языковой среды учащихся через призму лингвоэкологии, установлен причины его загрязнения. Выявлены проблемы сохранения родного языка в условиях полиязычия. Исследованы факторы формирования языковой личности ученика. Установлены современные задачи стоящие перед экологией казахского языка.